

Халықаралық TALIS -2018 негізгі зерттеуінің өткізілуі туралы

TALIS зерттеуі мектеп мұғалімдері мен директорларына халықаралық келісілген сауалнама жүргізу арқылы өткізілді. Зерттеу шеңберінде мұғалімдердің фондық сипаттамасы, қолданатын технологиялары мен оқыту әдістері, әдеттері және көзқарастары, мұғалімдерге көрсетілетін кәсіби дамуы мен әдістемелік қолдаулары, олардың мұғалімдермен және оқушылармен арасындағы қарым-қатынасы, мектепішілік басқару сұрақтары қарастырылды.

TALIS-2018 халықаралық негізгі зерттеуіне облыс бойынша 13 жалпы білім беретін мектеп (*Тараз қаласынан Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» мектеп-интернаты, Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясы, №10 орта мектеп, Жамбыл ауданынан Айша-Бибі орта мектебі, Б.Тайшапұлы атындағы орта мектеп, А.Макаренко атындағы орта мектеп, Жуалы ауданынан №1 Г.Орджоникидзе атындағы мектеп-гимназиясы, №16 С.Сейфуллин атындағы орта мектеп, Қордай ауданынан №35 Р.Қунақова атындағы орта мектеп, Меркі ауданынан №5 Ақарал орта мектебі, Талас ауданынан Бозарық негізгі мектебі, Шу ауданынан С.Сейфуллин атындағы шағын орталықты орта мектебі, Төле би (қ) атындағы орта мектебі*) қатысты.

13 білім мекемесінен 5-9 сыныптарға сабақ беретін 275 мұғалім қатысты.



